

БЕТАШАР

Көкірек көзі ояу, рухани байлығын сәбиіндей мәпелеп, тәрбиелей білетін халық әдебиетіне ен-жар қарай алмаса керек. Егер жылдар тереңіне, тіпті ғасырлар қойнауына ой жүгіртетін болсақ халқымыздың арасынан шығыстың жұлдыздары атанып, жарқырап шыққан талай-талай шайырларды, ақыл-ойы дариядай, сөздері шегедей шешендер мен шежірешілерді, өмір бояуын ондырмай, тағдыр суретін қалам ұшымен кестелей білген күні кешегі қарымды қаламгерлерді көз алдымызға келтірер едік. Түйіп айтқанда, қазақ әдебиеті де, қай елдің болсын дамыған делінетін әдебиетінен қалысты емес. Бірақ, өкінішке орай, осы, тарихы тамырланып, айтары молайған әдебиетіміздің зерттелу жүйесі бүгінгі зерделі оқырманды қанағаттандыра қоймайтыны, тағы рас. Бұған бар ықыласын арнап, өмірін сарп еткен қайраткерлеріміз аз болған жоқ, іргелі еңбектер де аз жазылған жоқ. Алайда, осының бәрінде жоғары оқу орындарының бағдарламалық қажетін қанағаттандыра аларлықтай жүйелілік жетіспей жатты. Оған, бір жағы рухани дүниеге де өктемдік саясаттың аясында қараған кесірлі көзқарас «салқынын» тигізді. Өмір шындығын бар болмысымен ашып көрсетуге мүмкіндігі шектелген сөз зергері іште қайнаған толғанысын кейде астарлап, абайлап шығаруға мәжбүр болды. Кейбір «уытты» тақырыптарды «құлыптап» та тастады. Енді, міне, әдебиет майданының шебі толысып, шынайы шабыттың өрісі кеңіген тұста арнайы «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты серия ашып, оқырмандарымызды, ең алдымен студенттерімізді әдебиетіміздің бүкіл кезеңдерімен, мүмкіндігінше толық, жүйелі түрде таныстыратындай көп томдық оқулықтар мен хрестоматиялық оқу құралдарын шығарғалы отырмыз. Оның қолдарыңызға үстіміздегі жылы тиетін беташар кітабы ежелгі дүние әдебиетіне арналды. Әрине ғасырлап жасалған мол дүниені түгел қамтып, шытырманды, шырғаланды кезеңдер шындығы түсірген таңбаларды ылғи да тап басып тану мүмкін де болмас. Бұл жолдағы ізденістер болашақта жемісті жалғасар деп үміттенеміз.